|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |  |  |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|
|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |  |  |
| Балалардың дербес әрекеті | <p><b>Дидактикалық ойын Лото «Көкөністермен жеміс жидектертер»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Көкөністермен жемістерді бір бірінен ажыратуға үйрету.</p> <p>есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Құралдар: көкөністермен жеміс жидектердің суреттері</b></p> <p>алма, ақтүйнек, шие; пияз.</p> <p>алмұрт, қызанақ, жүзім, сарымсақ.</p> <p>өрік, қияр, қара өрік, асқабақ.</p> <p>апельсин, орамжапырақ, қызылша, құлпынай.</p> <p>банан, кәді, қарбыз, таңқұрай.</p> <p>лимон, сәбіз, қауын, қарақат. барлығы:6 үлкен карточкалар, 24 ұсақ карточкалар</p> <p><b>Шарты:</b> Ойынды 6 баладан ойнауға болады. Балалардың алдында үлкен карточкалар жатады. Ұсақ карточкалар суретімен үстіне қарап тәрбиешінің қолында болады.Тәрбиеші карточканы алып, атауын атап, немесе балалардан сұрайды.</p> <p>Балалар алдында тұрған карточкаға қарап анықтап отырады, егер балада дәл сондай карточка болса өзіндегі суретті жабады. Кімде үлкен карточкасы толығымен ұсақ карточкаларымен тез жабылса, сол жеңімпаз болады.</p> |  |  |  |  |
| Балалармен жеке жұмыс     | <p><b>.Дидактикалық ойын: «Қайсысы қалай дауыстайды?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың есту қабілеттері мен зейіндерін дамыту.</p> <p>Шарты: Қарғада кішкентай балапаны болды (қарғанын балапанын суретін қояды). Оның анасы оны әң айтуға үйретті. Қарға әнді дауысын қатты шығарып айтты: «ҚАР-ҚАР» (балалар қайталап отыру керек).Балапан дауысын ақырын шығарып : «қар-қар» (балалар қайталайды 3-4 рет). Балапан өсіп ұшып кетті (балапанның суретін басқа жаққа қояды) қарға анасы балапаның шақырады дауыстап:</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |  |  |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>(балалар анасы сияқты шақыру керек «ҚАР-ҚАР»).</p> <p>Қарғанын балапаны анасынын дауысын естіп дауысын ақырын шығарып «қар-қар» деп ұшып келеді. Қарға –анасы қатты қуанып: қалай дауысын шығарады?</p> <p>Балалар:«ҚАР-ҚАР» деп жауап береді.</p>                                                                                                                                                                                            |
| Балалардың үйге қайтуы | <p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p> |

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Бекітілген  
13.05.2024

Балалардың жастары: 5 жастағы

Жоспарлау күні: 13.05-17.05.2024 оқу жылы

| Күн тәртібі                                                                                                         | Дүйсенбі 13.05                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Сейсенбі 14.05                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сәрсенбі 15.05                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Бейсенбі 16.05                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Жұма 17.05                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                  | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу                                             | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | <p><b>Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында</b></p> <p><b>Ақшамшық</b> – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он – он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алаканын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол</p> | <p><b>Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында</b></p> <p>Дидактикалық ойын «Болады болмайды»<br/>Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту.<br/>(балалар шеңберде тұрады)<br/>Балалар мен сендерге қала көшелерінде не істеуге болады, болмайтының туралы сұрақтар қоямын.<br/>Балалар жауаптарың қолындағы жалаушамен көтеріп жауап береді.<br/>Көшені бағдаршамның</p> | <p><b>Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында</b></p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»<br/>Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерін одан ары қарай жетілдіру.<br/>Құралдар: Таспаға жазылған құстардың дауыстары (торғай, сауысқан, тоқылдақ, көгершін,)<br/>Шарты: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады.<br/>Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек.<br/>Тәрбиеші дұрыс табылған</p> | <p><b>Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында</b></p> <p><b>«Асық ойыны»</b>. Бұл балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады. Асық ойынының үш табан, бір табан, шығу, шенбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз-келіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар, т.б. аталған. Асықтың «Ханжакындай түседі талапай», «Төрт асық»,</p> | <p><b>Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында</b></p> <p>Қара құлақ<br/>Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз атуараларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте «Ханжакындай түседі Таяп келіп мынау кім?</p> |

|                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                      |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                    | <p>Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», – деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <p>қызыл көзі жанғанда? Гүлзардағы гүлдерді жүлуға? Гүлзардағы өсіп тұрған гүлге сүйсініп қарау. Ағаш пен гүл отырғызу? Кәмпіттің қағазын жерге тастау? Жаяу жүргінші жолмен бағдаршамның жасыл көзі жанғанда өтуге? Қоғамдық орындарында бақырып, шулауға? Адамдармен әдепті түрде әңгімелесу?</p> | <p>кұстың суретін тақтаға қояды.</p> | <p>«Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» секілді түрлері де бар.</p> | <p>–деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой!-деп қаша жөнеледі. Қалғандары да –қарақұлақ, қара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.</p> |
| Ертеңгілік жаттығу | <p><b>Таңғы жаттығу кешені (мамыр айы)</b></p> <p>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.</p> <p>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.</p> <p>1. Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру. Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.</p> <p>1 дегенде басты алға ию</p> <p>2 дегенде басты оңға ию</p> <p>3 дегенде басты артқа ию</p> <p>дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қол белде.</p> <p>1 дегенде екі қолды алға созу,</p> <p>2 дегенде қолды жоғары көтеру,</p> <p>3 дегенде қолды жан - жаққа созу,</p> <p>4 дегенде қолды төмен түсіру</p> <p>бастапқы қалыпқа келу</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                      |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                  |

|                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>     | <p><b>Сәлемдесу "Жақсы тілек".</b></p> <p>Мақсаты: басқаларға достық қарым-қатынасты дамыту.</p> <p>Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы, жағымды нәрсе тілейді.</p> <p>Баланың тілек айтқан адамның көзіне қарауы өте маңызды (сөйлеуді дамыту).</p> <p>Бірлескен қарым-қатынас: қызықты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді істерді Жобалау (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту).</p>                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <p>Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.</p> <p><b>-«Көпір»</b></p> | <p><b>1. Сауат ашу</b></p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.</p> <p>Үнсіз.</p> <p>Мақсат. Сөздегі буын санын анықтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Жабдық. Әр оқушыға 1, 2, 3 сандары жазылған</p> | <p><b>1. Матем негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.</p> <p>«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны № 2</p> <p>Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат</p> | <p><b>1. Математика негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.</p> <p>«Біреу және көп» дидактикалық ойыны № 1</p> <p>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата</p> | <p><b>1. Математика негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап,</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Мақсаты:</b> сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту, байланыстырып сөйлем құрауға үйрету.</p> <p><b>Шарты:</b> заттар бейнеленген суретті карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар екі суреттің арасындағы байланысты орнататын бір сөз ойлау керек. Ол сөз екі затты «байланыстыратын көпір» секілді. Әр бала кезекпен жауап береді. Баланың жауабы негізделген болуы керек.</p> <p>Мысалы, екі сөз беріледі: «қаз» және «ағаш».</p> <p>«Байланыстыратын көпір» қызметін мына сөздер болуы мүмкін: «ұшты» (қаз ағаштан ұшты). «ойды, кесті» (ағаштан қаз ойды), «тығылды» (қаз ағаштың артына тығылды) т.б.</p> <p>Ескерту: бұл ойынды баламен жеке жұмыс жасауға да қолдануға</p> | <p>карточкалар.</p> <p>Ойынның барысы.</p> <p>Мұғалім сөзді атайды, ал оқушылар осы сөздегі буын санына сәйкес сан жазылған карточканы көтереді.</p> <p>Сөздерді таңдау ерікті және тақырыптық болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімге түсініктеме.</p> <p>Оқушылардың арасынан төреші бөлініп шығып, балалардың қателіктерін белгілеп, бірқатар айып ұпайларын береді.</p> <p><b>2.Көркем әдебиет</b></p> <p>Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.</p> <p>«Маған ертегі айтып бер»</p> | <p>құрастыруға үйрету.</p> <p>Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды.</p> <p>Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.</p> <p>1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.</p> <p>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?).</p> <p>3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау,</p> | <p>алуға үйрету.</p> <p>Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.</p> <p>Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады.</p> <p>Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді.</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b></p> <p>Міндеттері: Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> Бейнежазба көрсету, түсіндіру,</p> | <p>топтық жұмыс.</p> <p>«Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны №4</p> <p>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.</p> <p>Мазмұны.</p> <p>Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді дұрыс байланыстырып</p> |
|  | <p>қойылымды декорациямен модельдеу.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p> <p>бөлініп, шеңбер құрады.</p> <p>«Спорттық болжау ойыны»</p> <p>Мақсаты мен міндеттері: балалардың</p> | <p>аяқтың өкшелерін нығайту.</p> <p>бөлініп, шеңбер құрады</p> <p>«Төртінші доңғалақ»</p> <p>Мақсаты мен міндеттері: дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты дамыту; балалардың спорт, дене шынықтыру, гигиена және денсаулық туралы білімдерін бекіту; логикасын, ойлауын, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Ережелер: Ойыншы төрт суреті бар бір картаны алады. Ойыншы картада не көрсетілгенін атайды, содан кейін қосымша суретті жабады, оның неге артық екенін түсіндіреді.</p> | <p>Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2 - 3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады.</p> | <p>қимылдарының нұсқаларын талқылайды: толқынды, айналмалы, шайқау, саусақпен тұрту және т.б. Темп пен динамиканың берілуі әртүрлі амплитудалар, жылдамдықтар және қозғалыс күші арқылы жүзеге асырылады.</p> | <p>түрін жинайтынын балалармен келісіңіз (нақты болу үшін сіз жүк және жеңіл көліктердің суреттерін тарата аласыз, сонымен қатар мамандандырылған көлікті де ала аласыз: полиция, өрт сөндірушілер, жедел жәрдем және т.б.). Жолда балалар көліктерге назар аударып, олардың атын атап, ол үшін чиптерді алады. Кім көп жинаса, сол жеңеді.</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>спорт туралы білімдерін толықтыру және бекіту; ойлау мен есте сақтауды дамыту.</p> <p>Ережелер: жүргізуші (мұғалім) ойын алаңдарын араластырады (әрқайсысы 6 түрлі спорт түрін көрсетеді) және балалар арасында таратады. Содан кейін жүргізуші спорт түрінің суреті бар картаны көрсетіп, оны атайды. Алаңында бірдей спорт түрі бар ойыншы оны алып, өз алаңының үстіне қойып, атын қайталайды. Ойын алаңдарын карталармен жабатын ойыншы ең жылдам жеңеді.</p> <p>Күрделілігі: дәл осылай ойнаңыз, бірақ спорт түрін сол спорт түрі алаңында ойнайтын ойыншы атайды.</p> |  |  |  | <p>таныстыру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b><br/>Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.</p> <p>«Қадамдар».</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>Дабыл есту қабілетін дамыту.</p> <p>Материал:</p> <p>5-7 баспалдақ, ойыншықтар, балалардың музыкалық аспаптары.</p> <p>Ойынның сипаттамасы:</p> <p>Жетекші бала кез келген аспапта әуенді ойнайды, ал екінші бала әуеннің жоғары, төмен немесе бір дыбыс бойынша қозғалысын анықтайды. Бала ойыншық арқылы баспалдақпен қалай көтерілу керектігін көрсетеді.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Серуендеу         | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №5</b></p> <p><b>Гүлзарды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>— Табиғатты сүйе, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p> <p>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?</p> <p>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?</p> <p>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?</p> <p>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?</p> <p>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?</p> <p>♦ Оларды қалай күтесіңдер?</p> <p>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №6</b></p> <p><b>Велосипедті бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Балаларға жұмбақ жасыру</p> <p>Бірде екі дөңгелекті,</p> <p>Бірде үш дөңгелекті.</p> <p>Қажет кезде онымен,</p> <p>Қызыққа да батасың,</p> <p>Артып алып сөмкеңді,</p> <p>Серуендеп те қайтасың. (велосипед)</p> <p>Балаларға сұрақтар.</p> <p>♦ Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған)</p> <p>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен)</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №7</b></p> <p><b>Құмырсқаларды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;</p> <p>— Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев</p> <p>Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері.</p> <p>Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан,</p> <p>Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан.</p> <p>Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар,</p> <p>Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.</p> <p>Балаларға сұрақтар</p> <p>♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар?</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №8</b></p> <p><b>Найзағайды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— «Найзағай» ұғымымен таныстыру;</p> <p>— Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>— Сөздік қорларын байыту;</p> <p>— Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады</p> <p>- Аспанда от қамшы осады,<br/>Ащы үнін ышқынып қосады.</p> <p>- Дүрліктіріп алапты,<br/>Шақпақ тастың жарқылы,</p> <p>Бұлт көрпесін жыртады.</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №9</b></p> <p><b>Кемпірқосақты бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.</p> <p>- Жарқылдан соң жаңағы,<br/>Суға бөкті бар алап.</p> <p>Көкте түрлі жсолақты,</p> <p>Өрнек тұрды ғаламат.<br/>(кемпірқосақ)</p> <p>- Жаңбыр жуды жерімді,<br/>Көкте өрмек керілді.<br/>(кемпірқосақ)</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?</p> <p>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?</p> <p>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?</p> <p>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Қай топ тез жиналады?».</p> <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.</p> <p><b>Жаттығу ойыны</b></p> <p>«Құлап қалма».</p> | <p>♦ Велосипед қандай бөліктерден тұрады?</p> <p>♦ Велосипедте жүру қиын ба?</p> <p>♦ Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе?</p> <p>♦ Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ?</p> <p>♦ Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ?</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау.</p> <p>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Теңге алу».</p> <p>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.</p> <p><b>Жаттығу ойыны</b></p> | <p>(зиянда жәндіктерді құртады</p> <p>♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)</p> <p>♦ Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің</p> | <p>♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?</p> <p>♦ Найзағай қай кезде ойнайды?</p> <p>♦ Аспан неге күркіреді?</p> <p>♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)</p> <p>♦ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)</p> <p>♦ Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?</p> <p>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> | <p>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.</p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <p>♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ?!</p> <p>♦ Ол қай уақытта жоғалады?</p> <p>♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p><b>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.</b></p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.</b></p> <p><b>- Гүл-араға, бал-балаға.</b></p> <p><b>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</b></p> | <p>Затты нысанаға лақтыру.</p> <p>Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту.</p> <p><b>Мақал: Жолда жүрсең, сақ жүр.</b></p> | <p>үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды.</p> <p>Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.</p> <p>♦ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?</p> <p>♦ Олар өз илеулерін қайда салады?</p> <p>♦ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b></p> <p>Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ойын алаңын тазалау.</p> | <p><b>Еңбек</b></p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;</p> <p>— Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Өз ағашыңды тап».</p> <p>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</p> <p>Халық болжамы:</p> <p>- Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</p> | <p>Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p>Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Қасқыр қақпан».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p><b>Жаттығу ойыны:</b></p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Халық болжамы.</b></p> <p><b>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</b></p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |                                                    |  |  |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|----------------------------------------------------|--|--|
|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  | Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру. |  |  |
| Балалардың дербес әрекеті | <p><b>Дидактикалық ойын Лото «Көкөністермен жеміс жидектертер»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Көкөністермен жемістерді бір бірінен ажыратуға үйрету.</p> <p>есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Құралдар:</b> көкөністермен жеміс жидектердін суреттері</p> <p>алма, ақтүйнек, шие; пияз.</p> <p>алмұрт, қызанақ, жүзім, сарымсақ.</p> <p>өрік, қияр, қара өрік, асқабақ.</p> <p>апельсин, орамжапырақ, қызылша, құлпынай.</p> <p>банан, кәді, қарбыз, таңқұрай.</p> <p>лимон, сәбіз, қауын, қарақат. барлығы:6 үлкен карточкалар, 24 ұсақ карточкалар</p> <p><b>Шарты:</b> Ойынды 6 баладан ойнауға болады. Балалардың алдында үлкен карточкалар жатады. Ұсақ карточкалар суретімен үстіне қарап тәрбиешінің қолында болады.Тәрбиеші карточканы алып, атауын атап, немесе балалардан сұрайды.</p> <p>Балалар алдында тұрған карточкаға қарап анықтап отырады, егер балада дәл сондай карточка болса өзіндегі суретті жабады. Кімде үлкен карточкасы толығымен ұсақ карточкаларымен тез жабылса, сол жеңімпаз болады.</p> |  |                                                    |  |  |

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>бөлініп, шеңбер құрады.</p> <p>«Спорттық болжау ойыны»</p> <p>Мақсаты мен міндеттері: балалардың спорт туралы білімдерін толықтыру және бекіту; ойлау мен есте сақтауды дамыту.</p> <p>Ережелер: жүргізуші (мұғалім) ойын алаңдарын араластырады (әрқайсысы 6 түрлі спорт түрін көрсетеді) және балалар арасында таратады. Содан кейін жүргізуші спорт түрінің суреті бар картаны көрсетіп, оны атайды. Алаңында бірдей спорт түрі бар ойыншы оны алып, өз алаңының үстіне қойып, атын қайталайды. Ойын алаңдарын карталармен жабатын ойыншы ең жылдам жеңеді.</p> <p>Күрделілігі: дәл осылай ойнаңыз, бірақ спорт түрін сол спорт түрі алаңында ойнайтын</p> |  |  |  | <p>таныстыру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b><br/>Бейнежазба көрсету, түсіндіру, ойлау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.</p> <p>«Қадамдар».</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>Дабыл есту қабілетін дамыту.</p> <p>Материал:</p> <p>5-7 баспалдақ, ойыншықтар, балалардың музыкалық аспаптары.</p> <p>Ойынның сипаттамасы:</p> <p>Жетекші бала кез келген аспапта әуенді ойнайды, ал екінші бала әуеннің жоғары, төмен немесе бір дыбыс бойынша қозғалысын анықтайды. Бала ойыншық арқылы баспалдақпен қалай көтерілу керектігін көрсетеді.</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                   | ойыншы атайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Серуендеу         | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №5</b></p> <p><b>Гүлзарды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>— Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p> <p>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?</p> <p>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?</p> <p>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?</p> <p>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?</p> <p>♦ Сендердің үйлеріңде</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №6</b></p> <p><b>Велосипедті бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Балаларға жұмбақ жасыру</p> <p>Бірде екі дөңгелекті,</p> <p>Бірде үш дөңгелекті.</p> <p>Қажет кезде онымен,</p> <p>Қызыққа да батасың,</p> <p>Артып алып сөмкеңді,</p> <p>Серуендеп те қайтасың. (велосипед)</p> <p>Балаларға сұрақтар.</p> <p>♦ Балалар, велосипедтер қандай болады?</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №7</b></p> <p><b>Құмырсқаларды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;</p> <p>— Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев</p> <p>Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері.</p> <p>Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан,</p> <p>Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан.</p> <p>Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар,</p> <p>Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №8</b></p> <p><b>Найзағайды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— «Найзағай» ұғымымен таныстыру;</p> <p>— Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>— Сөздік қорларын байыту;</p> <p>— Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады</p> <p>- Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады.</p> <p>- Дүрліктіріп алапты,</p> | <p><b>Мамыр</b></p> <p><b>Серуен №9</b></p> <p><b>Кемпірқосақты бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.</p> <p>- Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап.</p> <p>Көкте түрлі жолақты,</p> <p>Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ)</p> <p>- Жаңбыр жуды жерімді,</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>гүл бар ма? Қандай?<br/>         ♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br/>         ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br/>         ♦ Біздің гүлзарға отырғызуга арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br/>         ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br/>         ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуга болмайды?<br/>         ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br/> <b>Еңбек</b><br/>         Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br/>         Мақсаты:<br/>         — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br/>         — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br/> <b>Қимылды ойын</b><br/>         «Қай топ тез жиналады?».</p> | <p>(балаларға және үлкендерге арналған)<br/>         ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңселегімен)<br/>         ♦ Велосипед қандай бөліктерден тұрады?<br/>         ♦ Велосипедте жүру қиын ба?<br/>         ♦ Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе?<br/>         ♦ Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ?<br/>         ♦ Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ?<br/> <b>Еңбек</b><br/>         Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау.<br/>         Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.<br/> <b>Қимылды ойын</b><br/>         «Теңге алу».</p> | <p>Балаларға сұрақтар<br/>         ♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады)<br/>         ♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)<br/>         ♦ Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана</p> | <p>Шақпақ тастың жарқылы,<br/>         Бұлт көрпесін жыртады.<br/>         ♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br/>         ♦ Найзағай қай кезде ойнайды?<br/>         ♦ Аспан неге күркіреді?<br/>         ♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br/>         ♦ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br/>         ♦ Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br/>         Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік</p> | <p>Көкте өрмек керілді.<br/>         (кемпірқосақ)<br/>         Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.<br/>         Балаларға сұрақтар:<br/>         ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ?<br/>         ♦ Ол қай уақытта жоғалады?</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.</p> <p><b>Жаттығу ойыны</b><br/>«Құлап қалма».</p> <p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.</b></p> <p>- <b>Гүл-араға, бал-балаға.</b></p> <p><b>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</b></p> | <p>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.</p> <p><b>Жаттығу ойыны</b></p> <p>Затты нысанаға лақтыру.</p> <p>Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту.</p> <p><b>Мақал: Жолда жүрсең, сақ жүр.</b></p> | <p>ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды.</p> <p>Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жосомайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.</p> <p>♦ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?</p> <p>♦ Олар өз илеулерін қайда салады?</p> <p>♦ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b></p> <p>Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына</p> | <p>заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;</p> <p>— Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Өз ағашыңды тап».</p> <p>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</p> <p>Халық болжамы:</p> <p>- Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</p> | <p>♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p><b>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.</b></p> <p>Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p>Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Қасқыр қақпан».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p><b>Жаттығу ойыны:</b></p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                |
|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  | <p>қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ойын алаңын тазалау.</p> <p>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p> |  | <p><b>Халық болжамы.</b></p> <p><b>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</b></p> |
| Балалардың дербес әрекеті | <p><b>Дидактикалық ойын Лото «Көкөністермен жеміс жидектертер»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Көкөністермен жемістерді бір бірінен ажыратуға үйрету.</p> <p>есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Құралдар:</b> көкөністермен жеміс жидектердің суреттері</p> <p>алма, ақтүйнек, шие; пияз.</p> <p>алмұрт, қызанақ, жүзім, сарымсақ.</p> <p>өрік, қияр, қара өрік, асқабақ.</p> <p>апельсин, орамжапырақ, қызылша, құлпынай.</p> <p>банан, кәді, қарбыз, таңқұрай.</p> |  |                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>лимон, сәбіз, қауын, қарақат. барлығы:6 үлкен карточкалар, 24 ұсақ карточкалар</p> <p><b>Шарты:</b> Ойынды 6 баладан ойнауға болады. Балалардың алдында үлкен карточкалар жатады. Ұсақ карточкалар суретімен үстіне қарап тәрбиешінің қолында болады.Тәрбиеші карточканы алып, атауын атап, немесе балалардан сұрайды.</p> <p>Балалар алдында тұрған карточкаға қарап анықтап отырады, егер балада дәл сондай карточка болса өзіндегі суретті жабады. Кімде үлкен карточкасы толығымен ұсақ карточкаларымен тез жабылса, сол жеңімпаз болады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Балалармен жеке жұмыс  | <p><b>Нұрәлимен жеке жұмыс.</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Қайсысы қалай дауыстайды?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың есту қабілеттері мен зейіндерін дамыту.</p> <p>Шарты: Қарғада кішкентай балапаны болды (қарғанын балапанын суретін қояды). Оның анасы оны әң айтуға үйретті. Қарға әнді дауысын қатты шығарып айтты: «ҚАР-ҚАР» (балалар қайталап отыру керек).Балапан дауысын ақырын шығарып : «қар-қар» (балалар қайталайды 3-4 рет). Балалапан өсіп ұшып кетті (балапанның суретін басқа жаққа қояды) қарға анасы балапаның шақырады дауыстап:</p> <p>(балалар анасы сияқты шақыру керек «ҚАР-ҚАР»).</p> <p>Қарғанын балапаны анасының дауысын естіп дауысын ақырын шығарып «қар-қар» деп ұшып келеді. Қарға –анасы қатты қуанып: қалай дауысын шығарады?</p> <p>Балалар:«ҚАР-ҚАР» деп жауап береді.</p> |
| Балалардың үйге қайтуы | <p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |



**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

*Бекітемін*  
*[Signature]*  
*28/05*

**Балалардың жасы:** 5жас

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                         |                                                    |                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                         |                                                    |                                                    | <p>(т) Арқаннан қос аяқтап жанымен алға секіру.</p> <p>Нұсқау – бір мезетте қос аяқтап бар күшімен қарғу, аяқтың серпу күшін шамалау.</p> <p>Қалыпты демала отырып, қозғалысты үнемді (арқанға жақын) орындау икемділігіне назар аударыңыз.</p> <p>(Ұ) «қозғалысты есіңе сақта» қимыл ойыны</p> <p>Ойын бастаушы тандап алынады. Балалар онымен ілесіп аяқ пен қолдың қимылдарын қайталайды. Балалар жаттығулардың ретін естеріне сақтап алған соң, оларды кері ретпен орын- дайды.</p> <p>Балаларға (жүргізушіге) әртүрлі қозғалыс тәсілдерін пайдалануды ұсыныңыз.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> |                                                         |                                                    |                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Серуен</b>            | <b>Бақылау №6</b><br><br><b>Жәндіктерді бақылау</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | <b>Бақылау: №15</b><br><br><b>Көбелектерді бақылау.</b> | <b>Бақылау: №16</b><br><br><b>Гүлзарды бақылау</b> | <b>Бақылау: №16</b><br><br><b>Гүлзарды бақылау</b> | <b>Бақылау: №4</b><br><br><b>Ауа-райын бақылау</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Мақсаты :</b><br/>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</p> <p>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p><b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b></p> <p>Гүлдің нәрін жинайды,<br/>Адамға бал сыйлайды.</p> <p>Еңбекқорды аялайды,</p> <p>Еріншекті аямайды.<br/>Бұл не? (ара)</p> <p>- Қанды сорып сүліктей,</p> <p>Ызындап кеп шағады.<br/>Бұл қандай бүлік дой? (маса)</p> <p>- Ызындап ән салып,</p> <p>Жүп-жұқа қанаты.</p> <p>Тәттіге тамсанып,</p> <p>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)</p> <p>Құжынаған жұмыскер,<br/>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)</p> | <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;</p> <p>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p><b>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов</b></p> <p>Дала қандай керемет,<br/>Қойның гүлге толады.</p> <p>Қызыл-жасыл көбелек,<br/>Бір ұшып, бір қонады.</p> <p>Қанша қусаң көбелек,<br/>Қанаты бір талмайды.</p> <p>Соныменен не керек,<br/>Ақыры ұстай алмайсың.</p> <p>Жазда, жасыл алқапта,<br/>гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.</p> | <p><b>Мақсаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</li> <li>• Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;</li> <li>• Табиғатты сүйуге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p> <p>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br/>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br/>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br/>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br/>Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай?<br/>Оларды қалай күтесіңдер?<br/>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br/>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған</p> | <p><b>Мақсаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</li> <li>• Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;</li> <li>• Табиғатты сүйуге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p> <p>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br/>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br/>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br/>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br/>Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай?<br/>Оларды қалай күтесіңдер?<br/>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br/>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған</p> | <p><b>Мақсаты:</b> Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p><i>Көркем сөз. А.Меңдібай</i></p> <p><i>Мамыр айы келгенде,<br/>Дала гүлге толады.<br/>Жайнап барлық атырап,<br/>Қызық-думан болады.<br/>Бақшамызда біз еккен,<br/>Гүл шоқтары гүлдейді.<br/>Жапырақтар сыбдырлап,<br/>«Қандай көркем, көр»-дейді.</i></p> <p>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.</p> <p>Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).</p> <p><i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су</i></p> |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Тор тоқуға шебер-ақ,<br/>Бірақ киім тікпейді.</p> <p>Өнері де өнер-ақ,<br/>Бірақ ісі бітпейді.<br/>(өрмекші)</p> <p><b>Тәрбиеші<br/>сұрақтары.</b></p> <p>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br/>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br/>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)<br/>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара,</i></p> | <p>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген</p> <p>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды.</p> <p>Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар.</p> <p>Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандырады.</p> <p>Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен</p> | <p>гүлдеріміз қалай аталады?<br/>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br/>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br/>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br/><b>Еңбек</b></p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br/>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p> | <p>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br/><b>Еңбек</b></p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br/>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p> | <p><i>болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i></p> <p>Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>)</p> <p>Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)</p> <p>Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)</p> <p>Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)</p> <p>Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>Жаңбыр қандай температурада жауады?</p> <p>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті,</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p><i>жібек құрты, құмырсқа).</i><br/>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br/>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br/><b>Зерттеу жұмысы</b><br/>Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p> | <p>қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Гүлзардағы қоқыстарды жинау</p> <p><i>Мақсаты:</i> еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p> |  |  | <p>ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p>Еңбек</p> <p>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты:</i><br/><i>кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                                                                                                                                    |

|                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b>                                                                                                                         | -----музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасай білу дағдылабырын бекіт                                                                                                                                                                                                                                                 | -----Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.                                                                                                                                                    | -----құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел,орындық,) құрастыруға үйрету                                                                                                                                                                                          | -----ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                          | -----.қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білу қабілеттерін жетілдіру.                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Балалардың дербес әрекеті</b><br><br><b>(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</b> | <p>Қимылды ойын «Итеріспек».</p> <p>Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;</li> <li>•Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</li> </ul> <p>Жаттығу ойыны</p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба.</p> | <p>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».</p> <p>Мақсаты:тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат».</p> <p>Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру</p> | <p>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».</p> <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».</p> <p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.</p> <p>Гүл-араға, бал-балаға.</p> <p>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</p> | <p>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».</p> <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».</p> <p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Гүл-араға, бал-балаға.</li> <li>• Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</li> </ul> | <p>Қимылды ойын «Үшінші артық».</p> <p>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Жаттығу ойыны</p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;</p> <p>Қозғалыс координацияларын сақтау;</p> <p>Мақал-мәтел</p> <p>-Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы.</p> |

|                               |                                                                    |                                                                                            |                                       |                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                               |                                                                    |                                                                                            |                                       |                                         | -Көктемгі жауын артық болмас                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Балаларға үйде қандай кітаптар оқып беруге болады?<br>(әңгімелесу) | Баланың отбасында өзінен кіші іні,қарындас,сіңлісіне қамқорлық жасай білуіне дағдыландыру. | кеңес: тазалық сақтауға дағдыландыру. | Кеңес:Ойыншықтың бала өміріндегі маңызы | Ата –аналарға кеңес<br><br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |